

**"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" РМҚК көлік құралдары, телефон байланысы, кеңсе жиһаздары және оларды орналастыруға арналған алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 1648 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 18144 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 13 мамырдағы № 444 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 13.05.2026 № 444 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны үшін арнайы көлік құралдарының заттай нормалары;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының телефон байланысымен қамтамасыз етудің заттай нормалары;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын Орталық аппаратының қызметкерлерін кеңсе жиһаздарымен қамтамасыз етудің заттай нормалары;

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Орталық аппаратының қызметкерлерін орналастыру үшін кеңістікті қамтамасыз етудің заттай нормалары бекітілсін.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары үшін тиісті көлік құралдарының заттай нормаларын бекіту туралы" № 485 бұйрығының 1 және 2 - қосымшаларының (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізімінде № 12051 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомствалық бағыныстағы ұйымдарын телефон байланысымен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" № 612 бұйрығының 1-қосымшасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 12409 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 22 желтоқсанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он күн күнтізбелік ішінде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Әділет министрі*

*М.Бекетаев*

"КЕЛЕСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Ә.Смайылов

2018 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2018 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1648 бұйрығына  
1-қосымша

**"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы"  
Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны үшін тиісті көлік құралдарының  
заттай нормалары**

Ескерту. Заттай нормалары жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 09.11.2022 № 920 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Атауы	Функционалдық мақсаты	Автокөлік құралдарын пайдалану құқықтары бар Мемлекеттік қазыналық кәсіпорны және оның филиалдары	Автомобильдер санының шегі	қозғалтқыш көлемі куб. см.	1 а/м бір айдағы жүретін жолы
Орталық аппарат	Кезекші автомобиль: - директордың басқару қызметі үшін; - басшыларды құқық қорғау органдарымен, арнайы органдарымен және соттармен өзара іс-қимылды етуді көлікпен қамтамасыз үшін; - Орталық аппараттың тұрмыс тіршілігін қамтамасыз етуде қалалық коммуналдық қызметімен айналысатын жұмыстар	"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" Республикалық мемлекеттік қазналық кәсіпорны	1	3000 артық емес	2100
	Кезекші автомобиль: - басшылардың басқару қызметі үшін; - сот сараптамасы қызметінің ерекшелігіне байланысты басшыларды құқық қорғау органдарымен, арнайы органдарымен және соттармен өзара				

С о т сараптамалары институттары	іс-қимылды қамтамасыз ету үшін; - сот сараптамасы өндірісінің үздіксіз қызметін қамтамасыз ету үшін аумақтық бөлімшелердің коммуналдық қызметімен тұрақты жұмыс үшін; - аумақтық бөлімшелердің кезекші сарапшысының жұмыс орнына уақтылы келуін қамтамасыз ету үшін; - мәйіттерге, алыстағы елді мекендергетерге у	"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің С о т сараптамалары орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын филиалдары	2	3000 артық емес	2100
	Арнайы автокөлік-Жылжымалы зертхана жол-көлік оқиғаларына сот сараптама және экологиялық сараптамалар өндірісі үшін зерттеу нысандарын қарау үшін сот сарапшыларының оқиға орнына шұғыл түрде шығу үшін		2	-	-
	Арнайы автокөлік				

	төтенше жағдайлар кезінде елді мекендерден тыс жерлерге сараптама өндірісі үшін жедел түрде шыға отырып	1 (сот-медициналық сараптаманы жүргізуге арналған арнайы жабдықпен жабдықталған)	-	-
	Арнайы автокөлік шұғыл шығу үшін арнайы жабдықталған санитарлық көлікзембілмен	1	-	-
С о т сараптамасының ғылыми-зерттеу институты	Кезекші автомобиль Директордың басқару функцияларына,	1	3000 артық емес	2100
	Кезекші автомобиль қаржы-шаруашылық қызметіне қызмет көрсету	1		

Ескерту: Орталық аппарат және оның аумақтық бөлімшелерінің бұйрық қолданысқа енген сәтінде не кейіннен көлік құралдарының нақты санының шегінен артуы, Орталық аппараттың және оның аумақтық бөлімшелерінің құрылымы өзгерген жағдайда, осы заттай көлік құралдары нормасына сәйкес, көлік құралдарының тозуына байланысты көлік құралдарын есептен шығару арқылы оларды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің басқа ведомствалық бағынысты ұйымдарының теңгеріміне өткізу арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы  
 Әділет министрінің  
 2018 жылғы 29 желтоқсандағы  
 № 1648 бұйрығына  
 2-қосымша

**"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы"  
 Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны үшін тиісті телефон  
 байланысымен қамтамасыз етудің заттай нормалары**

№ р/р	Телефон байланысы түрлерінің атауы	Пайдаланушылар
1	2	3
		"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы"

1.	ТМД* елдерімен және алыс шет елдермен халықаралық телефон байланысы	Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры
2.	Республика ішіндегі қалааралық телефон байланысы	Директор, директордың орынбасарлары, директордың қабылдау бөлмесі, Орталық аппараттың басқарма және бөлім басшылары
		Директор, директордың орынбасары, директордың қабылдау бөлмесі, бөлім басшылары, ӘБП**, ӘШҚ*** мен аумақтық бөлімшелердің құжатайналымы бойынша бөлімі
3.	Қалалық нөмірлермен телефон байланысы	- Орталық аппараттың Директоры, директордың орынбасарлары, директордың қабылдау бөлмесі, басқарма және бөлім басшыларына - бір нөмірден; - Орталық аппараттың қызметкерлеріне - үшеуіне бірнөмір.
		- аумақтық бөлімшелердің Директоры, директордың орынбасарлары, директордың қабылдау бөлмесі, бөлім басшылары, ӘБП**, ӘШҚ** * және құжат айналымы бөліміне – бір нөмірден; - аумақтық бөлімшелердің қызметкерлеріне - бесеуіне бір нөмірден

Ескертпе:

\* ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

\*\* ӘБП - Әкімшілік-басқару персоналы

\*\*\* ӘШҚ - Әкімшілік шаруашылық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2018 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1648 бұйрығына  
3-қосымша

**"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы"**  
**Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Орталық аппаратының**  
**қызметкерлері үшін тиісті кеңсе жиһазымен қамтамасыз етудің заттай нормалары**

№ р/р	Персоналдың лауазымдық атауы	Жиһаз атауы	Офистік жиһазсаны (1 бірлікке)
1	2	3	4

1.	Директордың кабинеті	Жалғамалы үстел	1
		қағазға арналған тумба	1
		ұйымдтехниканың астында тұратын тумба	1
		сырт киімге арналған шкаф	1
		қағазға арналған шкаф	1
		келіс сөздер үстелі	1
		журнал үстелі	1
		теледидар астында тұратын тумба	1
		диван	1
		Директорға арналған кресло	1
		келушілерге арналған кресло	6
2.	Директордың қабылдау бөлмесі	үстел	1
		қағазға арналған тумба	1
		қағазға арналған шкаф	1
		ұйымдтехниканың астында тұратын тумба	1
		сырт киімге арналған шкаф	1
		келушілерге арналған орындық	4
		кресло	1
3.	Директор орынбасарының кабинеті	жалғамалы үстел	1
		қағазға арналған тумба	1
		ұйымдтехниканың астында тұратын тумба	1
		сырт киімге арналған шкаф	1
		қағазға арналған шкаф	1
		теледидар астында тұратын тумба	1
		кресло	1
		келушілерге арналған кресло	4
4.	Басқарма басшысының кабинеті	үстел	1
		қағазға арналған тумба	1
		қағазға арналған шкаф	1
		сырт киімге арналған шкаф	1
		келушілерге арналған орындық	2

		кресло	1
5.	Жұмысшылар	үстел	1
		қағазға арналған тумба	1
		қағазға арналған шкаф	2 бірлік 1 дана
		сырт киімге арналған шкаф	2 бірлік 1 дана
		құжаттар үшін сөрелер	2 бірлік 1 дана
		келушілерге арналған орындық	1
		кресло	1

Ескертпе: Орталық аппараттың жиһаз нақты санының артуы бұйрық қолданысқа енгізілген кезде не Орталық аппараттың құрылымы өзгерген жағдайда осы заттай нормаға сәйкес жиһазбен қамтамасыз ету, жиһазды есептен шығару немесе табиғи тозу салдарынан жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2018 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1648 бұйрығына  
4-қосымша

**"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы"  
Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Орталық аппаратының  
қызметкерлерін орналастыруда кеңістікті қамтамасыз ету үшін заттай нормалары**

№ р/р	Үй-жай атауы	Өлшем бірлігі	Үй-жай алаңы
1	2	3	4
1	Директордың кабинеті	шаршы метр	25
2	Директордың қабылдау бөлмесі	шаршы метр	7
3	Директор орынбасарының кабинеті	шаршы метр	15
4	Орталық аппарат қызметкерлерінің кабинеті	шаршы метр	7,5
5	Орталық аппараттың жалпы үй-жайы (конференц-зал, мұрағат, серверлік, қойма)	шаршы метр	25% жиыны
6	Орталық аппаратың қосалқы үй-жайы (дәліздер, дәретханалар, жеке гигиена үй-жайы және басқа)	шаршы метр	20% жиыны

